**Мәртөк аудандық білім бөлімі**

**МКҚК №12 «Бәйтерек» бөбекжай-бақшасы**

| | |
|---|---|
| **«Келісілді» .** | **«Бекітілді»** |
| **Мәртөк аудандық білім** | **№12 «Бәйтерек»МДҰ** |
| **бөлімінің басшысы** | **меңгерушісі: Хасанова Ш.М** |
| **Ашимов Н.Т «____» _____________** | **«____» _____________** |

Б А Ғ Д А Р Л А М А

# «Сиқырлы ертегілер»

***(ересек топ)***

**2021-2022 оқу жыл**

**Құрастырған:** Баракова Ж.Б.Хасанова Ш.М. Дарибаева Н.Қ.

№12 «Бәйтерек» мектепке дейінгі ұйымының педагогика кеңесі отырысында «Сиқырлы ертегілер» бағдарламасы талқыланды.

Хаттама № «  » тамыз 2021 жыл

№12 «Бәйтерек» МДҰ меңгерушісі (қолы) Хасанова Ш.М.

Аудандық сараптау комиссиясының отырысында «Сиқырлы ертегілер» бағдарламасы талқыланды.

Хаттама № «  » тамыз 2021 жыл

# ПІКІР

«Сиқырлы ертегілер» бағдарламасы қазіргі тұрақты өзгеріп тұрған әлемде мектепке дейінгі жастағы балалар үшін тәрбиелік мәні зор.

Бағдарлама балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында құрылған. Бағдарлама мазмұны балаларға театр қойылымдарын тез ұғынуларына бағытталған. Сатылап күрделенуіне байланысты балаларды сахналық қойылымға дағдыландыру көзделген.

Бағдарлама балалардың шығармашылық, актерлік, есте сақтау, назар аудару қабілеттерін қалыптастыру мақсатында жинақталған. Эстетикалық талғамдарын арттыруға, ұжымдық қатынаста жауапкершілікке тәрбиелеуге, балалардың көркем өнер қабілеттерін, икемділіктерін, театр өнеріндегі әр түрлі рольдерді ойнай білу машықтарын қалыптастыруға бағытталған.

Қуыршақ театры – бұл сиқырлы әлем, бала ойнай отырып қоршаған ортаны таниды. Театрлық ойын шығармашылығы балалардың бір-біріне мәдени қарым-қатынастарын нығайтады, әр түрлі жанрмен, кейіпкерлермен таныстырады, ұлттық дәстүрде дамытады. Қазақ және басқа да халықтардың ертегілері мен әдеби шығармаларының мазмұны арқылы ер (күшті, батыр, қамқор) және әйел (мейірімді, нәзік, сұлу, ару)адамдардың жеке қасиеттерін, жан-жануарлардың және құстардың қылықтарының ерекшеліктерін бағалауға, сахналауға үйренеді. Сондай-ақ сахнада жүру, тұру, сөйлеу, өзін-өзі ұстау мәдениетіне тәрбиелейді. Жағымды, жағымсыз әрекетерді ажырата білуге үйреніп өзі жаман әдеттен аулақ болуға тырысады. Демек, өзі актер, өзі көрермен ролін атқарған бала «болашақта кім болам?» деген сауалға да жауап табады десек қателеспейміз.

«Сиқырлы ертегілер» бағдарламасы 4-5 жасар балаларға, ересек топтарға арналған.

Бағдарлама ұйымдастырылған ойын әрекеті арқылы жүзеге асырылады. Сонымен қатар бұл бағдарлама – мектепке дейінгі жастағы балалардың шығармашылығын ұйымдастыра отырып, болашақ кішкентай бүлдіршіндерді тілге шешен, өзін де, өзгені де сыйлай білетін, жан-жақты мәдениетті, білікті етіп тәрбиелеуде балаларға арналған көркем шығармаларды сахналық қойылымға айналдырып, өздерінің кейіпкер ретінде қалыптастырып отырудың маңызы зор.

**Пікір беруші:** **Мәртөк ауданы білім бөлімінің МДҰ әдіскері Шауменова М.А.**

## Түсінік хат

Балабақшада балалардың тәулік бойы болатындығын ескере отырып, шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында театр өнері бағдарламасы көрініс тапқан.

Балабақша тәрбиеленушілері қуыршақ театрын өте жақсы көреді, қуанады, күтеді, асығады. Халқыыздың қанатты сөздерінің жәрдемімен баланың ақыл-ойын, рухани жан дүниесін байытуға тәрбиешілердің де қоса үлесі өте көп.

**Бағдарламаның мазмұны**:

Бағдарлама балалардың коммуникативтік – тілдік құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған Балалардың көркем өнер шеберліктерін жан-жақты дамыту, әртістік қабілеттерін, икемділіктерін, театр өнеріндегі әр түрлі рольдерді ойнай білу машықтарын қалыптастыру. Ертегілермен танысу, оны талдау, сахна театрлар арқылы балалардың ойлау, сөйлеу аймағын кеңейту, шығармашылық қабілеттерінің қалыптасуына мүмкіндік жасайды.

**Бағдарламаның мақсаты:**

Рольдерді орындауда эмоция, тебіреніс, ым, жалпы мимика тілін және бала өз денесінің пластикалық қозғалысын жақсы игеруіне көмектесу. Баланың кейіпкерлерді құрастыру іскерліктерін, өнертапқыштығы жәнеептілігін дамыта отырып, патриоттық адамгершілікке тәрбиелеу.

**Міндеттері**:

- балаларды әдеби шығармалар және халық ауыз әдебиетінің түрлерімен таныстыру;
- басқалармен сенімді қатынас орнатуына жағдай жасау, айналасындағы адамдардың әр түрлі болатынын түсіндіру;
- шығарманың мағынасын түсіну, кейіпкерлердің өзара қарым-қатынасы негізінде адамгершілікке тәрбиелеу;
- мектеп жасына дейінгі балалардың көркем әдебиет пен ауыз әдебиетіне деген қызығушылықтарын қалыптастыру.

**Бағдарламаны қолдану мерзімі** : 1 жыл.

«Сиқырлы ертегілер» бағдарламасы 4-5 жасар балаларға, яғни ересек топтарға арналған. Жалпы сағат саны - ортаңғы топта-36 сағат, аптасына 1 сағаттан жоспарланып, «Қатынас» білім беру саласына кіріктірілді.

Бағдарламаның мазмұнындағы театрлық қойылымдар, ойындар баланың түсінуіне ыңғайлы етіп жинақталған. Қуыршақ театрының қойылымдары балалардың көңіл-күйін көтереді, жақындастырады, әр түрлі жанрмен таныстырады, ең үлгілі ұлттық дәстүрде және мәдени тіл қарым-қатынасына тәрбиелейді, дамытады, негізін қалайды.

**Күтілетін нәтижелер:**

Театр түрлерін білу. Сөз бен сөйлеу мәнеріне, дауыс ырғағына көңілдерін бөле білу. Дауыс ырғағын сала білу. Ертегілермен танысу, оны талдау, сахна театрлар арқылы балалардың ойлау, сөйлеу аймағын кеңейту, шығармашылық қабілеттері қалыптасады.

Нақты түрде алынған жанрға байланысты шығарма ырғағын анықтау.

Кейіпкердің дауыс ырғағын салғызу, ұнайтын ертегіні балаға сахналауға лайықтап ойнату

**Пайдаланылған әдебиеттер:**


1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту стандарты

2. Мектепке дейінгі ересек жастағы балаларды тәрбиелеу мен оқытуға арналған «Біз мектепке барамыз» бағдарламасы

3. Мектепке дейінгі жалпы білім беру бағдарламасы

4. Г.Д.Абдрахимова
   «Саусақ және тіл жаттығулары» «Арман-ПВ» баспасы,2013жыл

5. Тіл дамыту. Дидактикалық ойындар Алматы-кітап баспасы, 2008жыл

6. Е.Өтетілеуова
   «Балақай» өлеңдер жинағы Алматы-1986 жыл
7. Д.З.Жүсіпова, С.Ж.Андабекова, К.А. Сатыбалдиева, Қ.Т.Байғабылова
   Көркем әдебиет Хрестоматия «Аруна» баспасы
8. Р.Б. Нұртазина, А.Д.Сейсенова, Б.Х. Исмағұлова, Г.Қ. Досмамбетова

Көркем сөз әлемі
Алақай Хрестоматия «Аруна» баспасы

9. Д.З. Жүсіпова, Ф. Қ. Исхакова, Т.Ж.Омарғалиева, Б.Ж.Ноғайбекова

Тіл дамытудың ғажайып әлемі «Аруна» баспасы

**Ересек топ**

| № | Тақырыбы | Мақсаты | Қолданылатын құралдар |
|---|---|---|---|
| | | | |
| 1 | Тегін білу тектілік. (шығармашылық) | Отбасы мүшелері бейнеленген суреттерді қарап атайды. Өзін-өзі тануға ұмтылады. | Тірек сызба плакаты, отбасы суреттері. |
| 2 | Әжеңнің аялаған-әні сенсің. Сайыс | Драматизация ойындарына қатысады, біледі. Кейіпкерлердің бейнесін сомдауға қажетті дауыс ырғағын қолдана алады. | Сценарий арнайы безендірілген зал |
| 3 | Жемістер (айтыс) | Тақпақтар мен өлеңдерді түсініп, есте сақтайды. Көлемі шағын тақпақтарды жатқа айтады. | Муляждар, суреттер, шынайы бейнелер, тапсырмалар. |
| 4 | Жемістер (айтыс) | Тақпақтарды түсініп дауыс ырғағымен айтады. | Үстел үсті театрының жемістерге арналған көрнекіліктері. Рөлдер кейіпкері. |
| | | | |
| 5 | «Тазша бала» ертегісі | Таныс ертегісінің мазмұнын ретімен әңгімелеп, орындайды. | Түрлі түсті ертегі суреттері. |
| 6 | Қонақ келсе... | Үлгі бойынша шағын әңгімелер құрастыра біледі. Байланыстыра сөйлей алады. | Көрініс бейнеленген слайд. |
| 7 | Тыйым отау М.Әлімбаев | Дауысты дауыссыз дыбыстарды дұрыс айтады.Көлемі шағын тақпақтарды жатқа айтады. | Әдепсіздік суреттер слайды |
| 8 | Жыр бұлақ | Фонематикалық қабылдау дағдылары қалыптасқан.Шығармаларды мәнерлеп оқиды. | Үнтаспа. «Балапан бағы» журналынан |
| | | | |
| 9 | «Күншіл үйрек» ертегісі | Ертегіні тыңдай біледі. Ертегінің мазмұнын айтады, желісін сақтайды. | Ертегінің желісі бойынша суреттер жиынтығы. |
| 10 | «Күншіл үйрек» ертегісін сахналау | Кейіпкерлердің бейнелеріп сомдауға қажетті дауы ырғағы және тілдің қарқыннын қолданады. | Көлеңке театрына сай безендірілген зал, сахна силуэттері. |
| 11 | Жыл мезгілдері А.Құнанбаев | Жыл мезгілдерін таниды, атай алады. Көлемі шағын тақпақтарды жатқа айтады. | Жыл мезгілдері плакат жиынтығы, Абай ата портреті |
| 12 | Жыл мезгілдері А.Құнанбаев Көрініс | Өткен сабақты бекіту<br>Жыл мезгілдерін таниды, атай алады. Көлемі шағын тақпақтарды жатқа айтады. | Жыл мезгілдерін табиғи материалдармен толықтыру көрінісі.Жыл мезгілдері плакат жиынтығы, Абай ата портреті |
| | | | |
| 13 | Сүйікті кейіпкерім | Кейіпкерлердің бейнелерін сомдауға қажетті дауыс ырғағы және тілдің қарқыннын қолданады. | Әртүрлі куыршақ театрының кейкерлері |

| | | | |
|---|---|---|---|
| **14** | Сүйікті кейіпкерім сахналау | Кейіпкерлердің жағымды және жағымсыз қасиеттерін көреді, олардың әрекеттерін бағалайды, сахналайды. | Сахналық киімдер, безендіру |
| **15** | Сөз сыры | Үлгі бойынша әңгіме құрастырады.Сөздік қорын жалпылаушы сөздерге толықтырады. | Бейнелі суреттер. |
| **16** | Өтірік өлеңдер | Тақпақтар мен өлеңдерді түсінеді, есте сақтайды. Көркем шығармаларды эмоционалды қабылдайды. | Қызықты суреттер жиынтығы. |
| | | | |
| **17** | Ұлыдан - ұлағат | Зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолданады.Тақпақтарды түсінеді жатқа айтады. | Топтама жиынтық суреттер |
| **18** | Ертегі әлемі | Театрландырылған ойындарға белсене қатысады. Шағын ертегілерді айтып беріп, сахналай алады. | Ертегілерден қысқаша көрініс көрсетуге арналған сахналық тұғырлы атрибуттар |
| **19** | Жыр мұра | Өлеңдерді тыңдайды, түсінеді. Ырғақтарды дұрыс келтіреді, мәнерлеп айтады. | Ойыншықтар жиынтығы |
| **20** | Мөде батыр аңыз | Шығармаларды ажырата біледі. Кейіпкерлердің мінезін сипаттай алады. | Тақырыпқа байланысты суреттер |
| | | | |
| **21** | Мөде батыр аңыз,сахналау | Кейіпкердің жағымды жағымсыз қасиеттерін ажырады, мазмұны бойынша сахналай алады. | Шапан, қалпақ, ауыл адамдарының киімдері |
| **22** | Ұйқасын тап | Мнемотехника әдісі арқылы өлеңдерді түсінеді, есте сақтайды. | Өлеңге байланысты суреттер,жанды бейнелер |
| **23** | «Шалқан» ертегісі | Үй жануарлары және олардың тқлдерінің атауларын біледі. Ертегілерді тыңдайды, түсінеді. | Ертегі желісі бойынша суреттер, жұмбақтар, тапсырмалар киімге байланысты (ата-аналарға) |
| **24** | «Шалқан» ертегісінің драматизациялық қойылымы | Драматизация ойындарына белсене қатысады. Ұсынылған мазмұн бойынша сахналай алады. | Көрініске керекті құралдар, рөлдерге сай киімдер |
| | | | |
| **25** | Сөздің көркі-мақал | Тілдік ойындар мен жаттығуларды қолданады, мақалдарды жаттқа айта алады. | Тақырыпқа сай суреттер |
| **26** | Дала құстары | Суреттің мазмұны бойынша шағын әңгімелер құрайды, жабай құстардың аттарын атап, дыбыстай алады. | Дала құстары суреттерінің топтамасы |
| **27** | Дала құстары Саусақ | Сөздегі дауысты және дауыссыз дыбыстарды (п-б, т-д, к-г, ф-в, с-з-ц) анық айта алады. | Бейне макеттерін саусаққа кигізу арқылы қимыл мен дыбыс шығару |
| **28** | «Түрлі түстер» Е.Өтетілеуұлы | Өлең ұйқасын біледі. Түстерді таниды атай алады. | Түстерге сай суреттер |
| | | | |
| **29** | Алғыспен ер көгерер | Құрадастарымен, ересектермен қарым-қатынасқа түсе алады. Алғыс сөздерді | Тақырыпқа сай суреттер,қимыл іс |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | түсініп, айтады. | әрекеттер |
| **30** | «Түлкі» туралы ертегілер | Алған білімдерін жүйелеу байланыстырып мазмұнды сөйлеуге баяндауға жаттықтыру, адамгершілікке тәрбиелеу<br>Ана тілінің барлық дыбыстарын дұрыс айтады. Ертегі кейіпкерлеріне жанашырлық таныта біледі. | Түлкі туралы ертегілерден жиынтық |
| **31** | «Түлкі» туралы ертегілер Қуыршақ тетры | Түлкінің бойындағы қасиетттерін еске ала отырып ертегілерден қуыршақ театры арқылы балаларды топқа бөліп көрініс көрсету<br>Қуыршақ театры арқылы ертегіні сахналай алады.Ертегі желісін ретімен орындайды. | Қуыршақ театрының құралдары |
| **32** | Қазақ қару аттары | Ұлттық заттардың атауларын біледі, атай алады.Заттардың қолданысын біледі. | Қарулар суреттері |
| | | | |
| **33** | «Арыстан күшігін асыраған мысық» ертегісі | Ертегі мазмұнын эмоционалды қабылдай біледі.Ертегіні баяндай алады. | Ертегіге байланысты суреттер |
| **34** | Сахна шымылдыры ғы,қорытынды | Таныс сюжеттер бойынша ертегілерді сахналай алады. Сахнада өздерін еркін ұстай алады. | Қажетті киімдер,құжаттар |
| **35** | Ер есімі ел есінде | Шығарма мен өлеңді ажырата біледі. Өлеңдерді жатқа, мәнерлі айта біледі. | Түрлі түсті суреттерден көріністер |
| **36** | Ер есімі ел есінде. Көрініс | Театрландырылған әрекеткетерге белсене қатысады. Әдеби кейіпкерлердің әрекеттеріне өздерінің көзқарастарын білдіре алады. | Балалар орындауында көрініске қатысты заттар, киімдер |